

Санхаева Алия Нурмагамбетқызының 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Болашақ педагогтарды білім беру жүйесіндегі корпоративті басқаруға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеудің көкейтестілігі. Қазіргі кезеңдегі инновацияның енуі, жаңа технологиялық жетістіктер, ақпараттық технологиялардың жылдам дамуымен байланысты әлемдегі жаһандық өзгерістер кезінде білім мен ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында жүруі тиіс. Білім беру жүйесіне тікелей әсер ететін нарықтық қатынас корпоративті басқаруды алдыңғы қатарға шығаратын басқару әрекетін қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында дамыған бәсекеге қабілетті мемлекет пен жоғары білімді ұлттың өзара байланысы атап өтілген. Демек, білім берудің жаңа деңгейіне көшудің қазіргі жағдайында жемісті жұмыс істей алатын және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті педагог даярлау туралы мәселе туындайды.

Қазақстанда білім берудің заман ағымына сай тиімді жүйесінің құрылуы Н.Ә. Назарбаев ұсынған әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру жөніндегі стратегиялық мақсатқа жетудің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Сондықтан, оның "Болашаққа көзқарас: қоғамдық сана модернизациясы" атты мақаласында атап көрсетілгеніндей, адам зейіні қоғам дамуына шоғырлануы тиіс, адам өзін өзгертіп және өзгермелі жағдайларға бейімделу арқылы жаңа дәуірдің озық идеясы мен тәжірибесін сіңіруі керек.

Қолжетімді және сапалы білім беру туралы мәселе Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында көтерілді, онда еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттерді қалыптастыру қажеттілігі көрсетілді, кәсіпкерлердің жаңа толқынын қалыптастыруға басымдық берілетін болды. Кәсіпкерлік қазіргі қоғам дамуының қозғаушы күші ретінде корпоративтік басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету және педагогикалық білім беруді жаңғырту ҚР Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қарастырылды. Мұнда білім беруді басқару және қаржыландыру жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру мәселелері өзекті деп көрсетілді. Барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімді, толық нұсқалы және түсінікті түрде ұсынылуы тиіс ақпараттың ашықтығын, қолжетімділігін арттыруға көп көңіл бөлінетіні, білім беру ұйымдары қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру үшін алқалы басқару органдарын дамыту қажеттілігі атап көрсетілді. Сондай-ақ жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшуге көңіл бөлінетіндігі, бұл білім беру мекемелерінің жеке бизнеспен айналысуына ықпал ететіні сөз

болды. Бұл білім беру жүйесінің автономды басқарудан корпоративтік басқаруға көшкенін білдіреді. Осылайша, жоғары білімнің қоғамдағы өзгерістер серпініне уақтылы ден қоюы және педагог кадрларды жаңа жағдайларға, атап айтқанда білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруға даярлауды жүзеге асыру қажет.

Сондай-ақ білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңы аясында жүзеге асатын білім беру саласындағы мемлекеттік саясат принципі ретінде көрсетілген. Осы құжаттың "Білім беру жүйесін басқару" деп аталған екінші тарауының 44-бабында ҚР заңнамасына сәйкес білім беру ұйымдарын басқаруды жүзеге асыратын дара басшылық және алқалылық принциптер бөліп көрсетіледі. Білім беру ұйымын алқалы басқарудың нысандары білім беру ұйымының кеңесі (ғылыми кеңес), қамқоршылық кеңес, педагогикалық, әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңестер және жұмысты ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын, оларды сайлау тәртібін қоса алғанда, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін басқа да нысандар болуы мүмкін. Сонымен бірге, білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі (11-бап, 7-тармақ) білім беру ұйымдарының автономдылығын, дербестігін кеңейту, білім беруді басқаруды демократияландыру болып табылады, бұл корпоративтік басқарудың негізгі белгілерін және оны енгізу қажеттілігін көрсетеді.

Ұлт Жоспарына сәйкес Қазақстанда Назарбаев Университетінің тәжірибесін ескере отырып, ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кезең-кезеңімен кеңейту, сондай-ақ халықаралық практикаға сәйкес жеке ЖОО-ларды коммерциялық емес ұйымдарға трансформациялау көзделген. ҚР жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық еркіндігі аясында негізгі екіпін білім беру жүйесіне корпоративтік басқару принциптерін енгізуге түседі.

Демек, Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты білім беруді басқару жүйесін қамтитын іс-шаралар кешенінен тұрады.

Білім беру ұйымдары нарықтық қатынастардың толыққанды қатысушыларына айналды, бұл олардың басқару тәсілдерін өзгертеді. Даму стратегиясының болуы, білім беру қызметтері нарығында жұмыс істеу тиімділігі, бәсекеге қабілеттілік, заманауи технологияларды игеру және адами ресурстарды басқарудың озық әдістерін енгізу өзекті болып отыр.

Жоспарланған экономикада қатаң әкімшілік жүйенің болуы жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Қазіргі кезеңде Қазақстанда қатаң әкімшілік басқару жүйесінің болуы қарама-қайшылықтарға алып келетін нарықтық экономика бар. Білім беруде жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін Социалистік экономикаға оралып, қатаң әкімшілік жүйеде жұмыс істеу керек немесе нарықтық экономикада дамып, орталықтандырылмаған білім беру жүйесіне көшу керек. Білім беру ортасында қалыптасып келе жатқан жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастар корпоративтік басқаруды пайдалануды көздейді.

Нәтижесінде білім беру саласындағы мемлекеттік саясат оқу орнына

білім беру қызметтері нарығында белсенді субъект болуға мүмкіндік беретін білім беру ұйымының корпоративтік басқаруын қалыптастыру сияқты құбылысқа әкеледі. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарын өндірістік немесе қаржылық корпорациялармен біріктіру үрдісі байқалады.

Корпоративтік басқарудың теориясы мен практикасы 80-ші жылдары қалыптаса бастады. XX ғасырдың және алдыңғы дәуірдің ерекшеліктерін талдай отырып, XIX ғасырда экономикалық дамудың қозғаушы күші кәсіпкерлік, XX – менеджмент, ал XXI – корпоративтік басқару болды деп қорытынды жасауға болады.

Осылайша, XXI ғасырда корпоративтік басқару экономикалық дамудың қозғаушы күшіне айналуға бастады. Бұл теория мен практиканың, талдау мен түйсіктің, функционалдық білім мен бағыныштыларды басқару қабілетінің, әріптестермен, оқушылармен, ата-аналармен және басқа да білім беру ұйымдарымен жемісті жұмыс істеу қабілетінің үздіксіз жетілдіріліп отыратын синтезі, сондай-ақ білім беру процесінің барлық қатысушыларының ортақ мақсаттарға қол жеткізуге қызығушылығын қолдау болып табылады.

Білім беру жүйесінің менеджментін жетілдіру білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдарын құруды көздейді, бұл корпоративтік басқару принциптерін енгізу қажеттілігін атап көрсетеді: басқарудағы алқалылық, қызметті жүзеге асырудағы дербестік, қызмет нәтижелері бойынша есептілік, қызметтің ашықтығы, жауапкершілік, әділдік. Педагогтер мен білім беру ұйымы әкімшілігін корпоративтік басқаруды іске асыруға дайындау Қазақстанның білім беру жүйесінің табысты дамуының шарты болып табылады.

Болашақ педагогтарды кәсіби әрекетке даярлаудың түрлі аспектілері О.А.Абдуллина, А.Б.Абибулаева, К.Б.Аданов, С.И.Архангельский, А.И.Ахметова, Ю.К.Бабанский, А.Жунусбекова, А.А. Калюжный, Н.В.Кузьмина, А.А.Молдажанова, А.И.Пискунов, В.И.Проскурина, А.И.Рувинский, А.П.Сейтешев, В.А.Сластенин, Г.Е.Утюпова, А.И.Щербаков, Н.Д.Хмель, Л.А.Шкутина зерттеулерінде қарастырылды.

Білім беру жүйесін басқару туралы ғылым: К.Ж.Аганина, Т.М.Баймолдаев, А.А.Жайтапова, Ш.М.Каланова, Б.А.Қойшыбаев, Н.Д.Хмель сияқты Қазақстандық ғалымдар және Ю.В.Васильев, К.Я.Вазина, В.И.Зверева, Ю.А.Конаржевский, В.С.Лазарев, М.М.Поташник, П.И.Третьяков, Р.Х.Шакурова, Т.И.Шамова секілді Ресей ғалымдары еңбектерінде көтерілді.

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді талдағаннан кейін білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруды теориялық және практикалық тұрғыда зерттеудің жеткіліксіздігін атап өтуге болады, өйткені корпоративтік басқару ұғымы негізінен экономикалық тұрғыдан ашылған және басқарушы компаниялар мен олардың иелері, акционерлер және компанияның тиімді қызметіне мүдделі басқа адамдар арасында қалыптасқан қатынастар жүйесін қамтиды.

Корпоративтік басқарудың қалыптасуы мен дамуы Колумбия

университеті (АҚШ), Жоғары экономика мектебі (Ұлыбритания) сияқты халықаралық ғылыми орталықтардан бастау алды. Зерттеулер арасында И.Ансофф, А.Радыгин, R.L.Ackoff, A.A.Berle, M.C.Jensen, G.Johnson, S.Malone, G.C.Means, W.H.Meckling, J.W.Nystrom-лардың корпоративті басқарудың теориялық және практикалық ережелерін, принциптері мен әдістерін ашуға арналған жұмыстарын атап өтуге болады.

Сондай-ақ, корпоративті басқару мәселесі отандық және ресейлік зерттеушілер: У.А.Абуев, А.А.Ажмухамедова, Н.Т.Байқадамов, А.Т.Баяхметова, И.Ю.Бочарова, П.Г.Воронцов, Р.А.Жасарова, Г.Е.Жунисова, О.М.Костюк, Н.В.Никифорова, И.Ш.Пенс, Е.И.Рукшина, А.Т.Рустемова, К.А.Сагадиев, К.М.Тиреуов, Р.И.Трикер, А.Ж.Турегельдинова, Е.Б.Тютюкина, С.А.Филин, С.А.Фурс, Ю.М.Чеботарь, А.П.Шихвердиев, О.А.Яновская еңбектерінде көрініс тапты.

Болашақ педагогтарды білім беру жүйесінде корпоративтік басқаруға даярлау оқу орындарына нарықтық экономика жағдайында табысты жұмыс істеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ мемлекеттің ағымдағы және перспективалық қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру мекемесінің мүддесіне сай кәсіби мәселелерді тиімді шешуге ықпал ететін болады.

Білім беру саласындағы корпоративтік басқарудың жекелеген мәселелері қазақстандық ғалымдардың: А.А.Алтайбек, Д.Н.Билялов, Е.В.Колос, А.К.Омарбекова, М.К.Орунханов, А.М.Рахимжанов; ресейлік ғалымдардың: В.В.Блошко, О.И.Горбатько, О.А.Глущенко, С.Г.Киров, М.Ю.Козлов, Л.А.Наумова, Л.В.Серых еңбектерінде ашылған.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін жан-жақты зерделеу олардың барлығы дерлік экономика саласындағы корпоративтік басқаруды зерттеуге бағытталғанын, ал білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруды зерттеу тек жоғары оқу орындарында корпоративтік мәдениет пен корпоративтік басқаруды қалыптастыру мәселелеріне ғана қатысты екенін көрсетті. Білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруды ұйымдастырумен және дамытумен байланысты мәселелердің жоғары маңыздылығына қарамастан, аталған зерттеу тақырыбымыз ғылыми әдебиеттерде жеткілікті түрде жарияланбай отыр.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі болашақ мұғалімдерді білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруға дайындау үрдісінде көрінетін қайшылықтарды, атап айтқанда:

- корпоративтік басқаруды жүзеге асыруға дайын мамандарға білім беру жүйесінің қажеттілігі мен білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруға болашақ педагогтарды даярлаудың мәнін түсіндіретін теориялық, әдіснамалық, ұйымдастырушылық және практикалық тәсілдердің психологиялық-педагогикалық ғылымда жеткіліксіз әзірленуі арасындағы;

- педагогика бағытындағы мамандықтарда оқитын студенттердің корпоративтік құзыреттіліктерін қалыптастыру қажеттілігі мен болашақ педагогтарды осы басқару түріне даярлайтын педагогикалық жүйенің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуінің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықта шешу қажеттілігімен байланысты болып отыр.

Осы қарама-қайшылықтарды шешу қажеттілігі және оларды шешудің ғылыми негізделген жолдарын іздеу біздің зерттеу мәселемізді анықтады: болашақ педагогтарды білім беру жүйесін корпоративтік басқару жағдайында тиімді жұмыс істеуге даярлаудың тиімді, ғылыми негізделген педагогикалық жүйесін әзірлеу.

Осы мәселенің өзектілігі мен жеткіліксіз зерттелуін ескере отырып, біз диссертациялық зерттеу тақырыбын «Болашақ педагогтарды білім беру жүйесіндегі корпоративті басқаруға даярлау» деп алдық.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісі.

Зерттеу пәні: педагогика бағытындағы мамандықтарда оқитын студенттерді білім беру ұйымдарын корпоративтік басқаруға дайындау.

Зерттеу жұмысының мақсаты: болашақ педагогтарды корпоративтік басқаруға даярлауға бағытталған педагогикалық жүйені теориялық өңдеу және негіздеу.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер педагогикалық жүйе теориялық тұрғыдан негізделетін, өңделетін және жүзеге асырылатын болса, онда болашақ педагогтарды корпоративтік басқаруға даярлау деңгейі артатын болады, өйткені мақсатқа бағытталған корпоративтік басқару саласындағы білім, іскерлік, дағдыны, сондай-ақ, білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара тиімді әрекеттесуін жүзеге асыруға қажет корпоративтік құзыреттіліктерді қалыптастыру жүзеге асады.

Зерттеудің мақсаты мен болжамына сәйкес келесі **міндеттер** қойылды:

1. Білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқару дамуының алғышарттары мен қазіргі жай-күйін анықтау.

2. Білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқару құрылымын жобалау, «білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқару» ұғымының мазмұнын нақтылау.

3. Болашақ педагогтарды білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруға даярлаудың педагогикалық жүйесін әзірлеу.

4. Болашақ педагогтарды білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруға дайындауға бағытталған педагогикалық жүйенің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы болашақ педагогтарды білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруға даярлау қазіргі заманғы білім беру менеджментінің сапасын арттыруға, болашақ маманның корпоративтік құзыреттерін, кәсіби және жеке әлеуетін қалыптастыруға ықпал ететіндігінде, бұл оны білім беру үдерісінің барлық мүдделі тараптарымен нарықтық қатынастар жағдайында өзара әрекет жасауға қабілетті етеді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: іс-әрекет теориясы, тұтас педагогикалық үдеріс теориясы, тұлғаға бағытталған оқыту теориясы, компанияны басқару тәсілі ретінде корпоративтік басқару туралы ережелер, заманауи педагогикалық менеджмент саласындағы теориялық және практикалық зерттеулер, тұтас педагогикалық үдерісте болашақ педагогтың жеке басын дамыту тұжырымдамасы, жоғары мектептегі оқыту мен тәрбиелеу теориясы.

Зерттеу әдістері: жасалған зерттеу болжамы ерекшеліктеріне сүйене отырып, шешілетін міндеттер ескеріле отырылып: ғылыми, оқу және анықтамалық әдебиеттерді теориялық талдау, ҚР заңнамалық актілері мен нормативтік құжаттары, педагогикалық эксперимент, зерттеу әдістері, диагностикалық әдістер, деректерді статистикалық өңдеу әдістері және басқа да зерттеу әдістері таңдалды.

Зерттеу көздері: зерттелетін мәселе бойынша философтардың, педагогтардың, психологтардың, экономистердің ғылыми еңбектері; корпоративтік басқару, сондай-ақ білім беру жүйесін басқару бойынша зерттеу материалдары; мерзімді басылымдар; Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құжаттары; анықтамалық құралдар мен оқу әдебиеттері; Ел Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы; ЖОО оқу құжаттамасы; ізденушінің педагогикалық тәжірибесі.

Зерттеу процедурасы және негізгі кезеңдері: зерттеу үш кезеңде жүргізілді:

Бірінші кезең (2017-2018 жж.). Зерттеу мәселесі бойынша философиялық, экономикалық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жасалды; зерттеу өзектілігі негізделді; зерттеу объектісі, пәні, мақсаты, болжамы мен міндеттері айқындалды; білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруға болашақ педагогтарды даярлаудың қазіргі жай-күйі талданды; негізгі ұғымдар нақтыланды; бақылау, сауалнама талдаулары ұсынылған қалыптастырушы эксперимент ұйымдастырылды және өткізілді.

Екінші кезең (2018-2019 жж.). Білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқару құрылымы негізделді; білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық жүйесі әзірленді; зерттеу мәселесі бойынша теориялық және практикалық материалдар жүйеленді және қалыптастырушы эксперимент ұйымдастырылды және өткізілді.

Үшінші кезең (2019-2020 жж.). Деректер математикалық және статистикалық өңделді; тәжірибелік-эксперименттік жұмыс талданды; зерттеу нәтижелері анықталды; негізгі ой мен ұсыныстар тұжырымдалды; диссертациялық зерттеу редакциялық тұрғыда рәсімделді.

Зерттеу базасы: Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогика факультеті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруды дамытудың алғышарттары мен қазіргі жай-күйі айқындалды;
- білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқару құрылымы жобаланды, «білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқару» ұғымының мазмұны нақтыланды;
- болашақ педагогтарды білім беру жүйесінде корпоративтік басқаруға даярлаудың педагогикалық жүйесі әзірленді;
- тәжірибелік-эксперименттік жұмыста өңделген педагогикалық жүйенің тиімділігі анықталды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- «Білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқару негіздері» деп аталған арнайы курс жоғары оқу орнының педагогикалық процесінде әзірленді және сыналды, әдістемелік қамтамасыз етілді: оқу бағдарламасы жасалды (SYLLABUS); электронды дәріс (№3484 келісімшарт 21.08.2019 ж.); слайдтық презентация (№3488 келісімшарт 21.08.2019ж., №3489 келісімшарт 21.08.2019ж.) әзірленді; авторлық куәлік алынған «Білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқару негіздері» атты электронды оқу құралы (№6192 келісімшарт 01.11.2019ж.) жоғары оқу орнының педагогикалық процесінен зерттеуден өтті және енгізілді;

- «Педагогтың корпоративтік құзыреттілігі» тренингі өңделді және зерттеуден өткізілді;

- «Педагогтың корпоративтік құзыреттілігі» тренингтің ұйымдастырылуы мен өткізілуі нәтижесінде педагогтарға арналған әдістемелік ұсыныс өңделді және практикалық қолданысқа енгізілді;

- «Заманауи педагогикалық технологиялар» оқу құралы мен авторлық куәлік алынған «Заманауи педагогикалық технологиялар» электронды оқулығы (№5757 келісімшарт 11.10.2019ж.) оқу үдерісіне көмекші құрал ретінде шығарылды және енгізілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Корпоративтік басқарудың ғылыми-теориялық негіздері, білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқарудың алғышарттары мен қазіргі жағдайы.

2. Мүдделі тараптардың қызметін реттейтін корпоративтік басқару қағидаттарын, кодексін, функцияларын, мәдениетін қамтитын білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқару құрылымы. Бұл «білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқару» ұғымының мазмұнын нақтылауға және оны оқу орнының басшысы, менеджерлері мен мемлекет, сондай-ақ ішкі және сыртқы стейкхолдерлер арасындағы мемлекет пен барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін ескере отырып, келісілген мақсаттар мен олардың арасындағы мүдделер теңгерімін сақтай отырып, білім беру мекемесінің тиімді жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған мәселелер бойынша өзара әрекет жүйесі ретінде қарауға мүмкіндік берді.

3. Болашақ педагогтарды білім беру жүйесіндегі корпоративті басқаруға даярлаудың педагогикалық жүйесі өзара байланысты компоненттердің жиынтығы болып табылады: мақсаты, мазмұны, іс жүргізу, нәтиже, сонымен қатар жеке тұлғаның қалыптасуына бағытталған педагогикалық ықпал етуге қажет тұғыр, қызмет, ұстаным, шарт.

4. Болашақ педагогтарды білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруға даярлаудың педагогикалық жүйесінің тиімділігін растайтын тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге ендірілуі: диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері:

- республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарында: Казахстан – территория мира и согласия (Қарағанды, 2018 ж.);

- жақын шет елдердің халықаралық ғылыми-практикалық

конференциясының материалдарында: Развитие культурно-образовательной среды как фактор самореализации личности (Ресей – Мәскеу, 2018ж., 2020ж.);

- алыс шетелдердегі халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарында: Kluczowe aspekty naukowej działalności – 2018 (Польша – Przemysl, 2018 ж.); International scientific review of the problems of philosophy, psychology and pedagogy (США – Boston, 2018 ж.); General question of world science (Бельгия – Brussel, 2019 ж.);

-Қазақстан бойынша халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында: заманауи Қазақстандағы және әлемдік білім беру кеңістігіндегі мектепке дейінгі тәрбие (Қарағанды, 2017ж.); қоғамдық сананы жаңғырту жағдайындағы білім мазмұнын жаңарту (Қарағанды, 2018ж.); Ғылым және қазіргі заман (Семей, 2019ж.);

- ҚР Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда: Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, "педагогикалық ғылымдар" сериясы, 2018ж.; Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы, "Педагогика. Психология. Әлеуметтану" сериясы, 2018ж.; Қарағанды университетінің хабаршысы, "Педагогика" сериясы, 2018ж.; ҚазМемҚызПУ хабаршысы, "Педагогика" сериясы, 2019ж.;

- «Scopus» деректер базасына шығатын ғылыми журналда: Opcion, 2019ж.; Journal of Advanced Pharmacy Education & Research, 2020 ж.;

- Қазақстан және алыс шетелдердегі басқа журналдарда: Заманауи білім = Современное образование = Modern education (Қарағанды, 2018ж.); Talent Development and Excellence (Saudi Arabia, 2020 ж.), Elementary Education Online (Turkey, 2021 ж.);

- академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық» кафедрасының әдістемелік семинарында, кафедраның мәжілісінде ұсынылды:

2 электронды оқулық, 1 оқу құралы, 1 әдістемелік ұсыныс шығарылды.

Зерттеу нәтижелерінің шындығы мен негіздемелілігі пайдаланылған дереккөздердің алуан түрлілігімен; диссертацияның мақсаттары мен қойылған міндеттеріне барабар зерттеулердің ғылыми-педагогикалық әдістері кешенін қолданумен; жұмыстың жоспарлы және кезеңділігімен; зерттеудің негізгі ережелерін педагогикалық практикаға енгізумен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың зерттеу логикасына сәйкестігімен қамтамасыз етіледі.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация 151 беттен: кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дерек көздерден және қосымшалардан тұрады. Диссертацияның 6 қосымшасы бар. Жұмыста 52 кесте және 7 сурет бар. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде 190 дереккөзден тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі мен таңдауы негізделді; зерттеу объектісі мен пәні айқындалды; ғылыми зерттеудің мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы тұжырымдалды; зерттеудің әдіснамалық және теориялық базасы, зерттеу әдістері мен көздері ұсынылды;

зерттеу кезеңдері мен рәсімі айқындалды; зерттеу базасы белгіленді; зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы, практикалық маңыздылығы негізделді; зерттеудің қорғауға шығарылатын негізгі ережелері анықталды; зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу, нәтижелердің дұрыстығы мен негізділігі туралы мәліметтер қамтылды; диссертацияның құрылымы берілді.

Диссертацияның **«Білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды корпоративтік басқаруға даярлаудың ғылыми-теориялық негіздері»** атты бірінші бөлімінде педагогтарды корпоративтік басқаруға даярлаудың алғышарттары мен қазіргі жай-күйін анықтау мақсатында әдебиеттерді талдау жүзеге асырылды; білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқарудың мәні, білім беру процесінің барлық қатысушыларын, олардың басқару органдарын, сондай-ақ корпоративтік басқару қағидаттарымен, Кодексімен, функцияларымен реттелетін өзара әрекет барысы мен тетіктерін ескере отырып, білім беру мекемесін басқаруға қатысатын жұртшылықты, бизнес құрылымдарды, инвесторларды біріктіретін оның құрылымы ашылды; негізгі ұғымдар (корпорация, корпоративтік басқару, білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқару, корпоративтік бірегейлік, корпоративтік құзыреттер, корпоративтік мәдениет, Бақылау кеңесі, Қамқоршылық кеңес, стейкхолдерлер және т.б.) мәні ашылды. Бұл бөлімде болашақ мұғалімдерді білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруға даярлаудың дамыған педагогикалық жүйесі негізделген, педагогикалық жүйенің динамикалық сипаты өзара байланысты компоненттерді кезең-кезеңімен жүзеге асыру арқылы көрінеді: мақсатты, мазмұнды, іс жүргізу және тиімді. Өлшеу жүйесі және білім беру жүйесіндегі корпоративті басқаруға болашақ мұғалімдерді даярлау деңгейінің диагностикалық құралдары сипатталған.

«Білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруға болашақ педагогтарды даярлау жөніндегі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс» деген екінші бөлімде білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруға болашақ педагогтерді даярлаудың бастапқы деңгейін айқындайтын зерттеуді ұйымдастыру және әдістері (анықтаушы эксперимент); функцияларды, қағидаттарды, тәсілдерді, сондай-ақ оны енгізу үшін әзірленген жағдайларды ескере отырып, педагогикалық жүйенің іске асырылуын талдау (қалыптастырушы эксперимент) ұсынылды; болашақ педагогтарды білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқаруға даярлау (бақылау эксперименті) бойынша ЖОО-ның оқу-тәрбие процесінде әзірленген педагогикалық жүйенің жұмыс істеу тиімділігін дәлелдейтін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері негізделді.

Қорытындыда зерттеудің негізгі нәтижелері, диссертациялық зерттеудің қорытындылары келтірілді және ұсыныстар берілді.

Қосымшада тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың кезеңдерін ашып көрсететін зерттеу материалдары, авторлық шарттар, куәліктер, енгізу актісі ұсынылды.